	«Сырдария» университеті		УЕ-51-20 ФР 01
	Сапа менеджменті жүйесі	Сапа саласындағы саясат	2-нұсқа

Сапа саласындағы саясат

Миссиясы білім беру және ғылым сапа саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, Қазақстан Республикасын әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену үшін ұлттың интеллектуалдық әлеуетін жетерліктей дамытуды қамтамасыз ететін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы рухында білікті мамандар даярлау.


Білім беру сапасы саласындағы университет саясатының **негізгі мақсаты** – жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, еңбек нарығына қажетті мамандарды даярлау.

Сапа саласындағы саясат:

- Маман дайындау сапасына жоғары деңгейде кепілдік беретін білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын жетілдіру;
- Университеттің барлық бағыттағы қызметінің инновациялық дамуын қамтамасыз ететін инфрақұрылымды жетілдіру;
- Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің кәсіби біліктілігінің артуына ықпал ету;
- Университеттің көпсалалы, пәнаралық, іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулер саласындағы басымдықтарын білім берудің барлық деңгейінде жоғары сапа негізі ретінде қолдану;
- Тұтынушылар мен жұмыс берушілермен өзара қарым-қатынаста жұмыс жасау: олардың мүддесін қорғау және оған сәйкес болу қағидасын іске асыру;
- Оқу процесі мен әлеуметтік саланы материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету;
- Білім алушылар мен қызметкерлердің көпбасшылық қасиеттерін дамыту;
- Білім беру мен ғылыми зерттеулердің жоғары сапасына кепілдік беретін басқару жүйесін дамыту.

Сапа жүйесін жақсарту университеттің білім беру ғылыми және инновациялық қызметі нарығында бәсекеге қабілеттілігін, қаржы көрсеткіштерін, университет қызметкерлері мен қызығушылық танытқан тараптарды қанағаттануын арттырады. Университет басшылығы негізгі мақсатты жүзеге асыру үшін қажетті жағдай жасауға және осы саясатты университеттің барлық құрылымдық бөлімдеріне енгізуге жауапты.

Сапа саласындағы саясат үш жылдық мерзімге дайындалады. Сапа саласындағы саясат тиімділігін жыл сайын университеттің жоғары басшылығы талдайды, қажет болған жағдайда өзгерістер енгізеді. Сапа саласындағы саясат стратегияның ажырамас бөлігі және білім беру қызметін жоспарлауға негіз болып табылады.

«Сырдария» университетінің ректоры  С.Д. Мамрамов

1 қыркүйек 2020 жылы

Бұйрықпен енгізілді